# РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

# ULAGATTY USTAZ

## ҚР Оқу-ағарту министрлігі № 514 бұйрықпен бекітілген

**Қазан айы 2025 жыл | № 10 (48)**

**Білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық басылым**

---

МББ аты: Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «ULAGATTY USTAZ»
МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша
Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы
Меншік иесі: «Ulaǵatty Ustaz» ЖШС Алматы қаласы Бас редакторы: Нагиев И. Б.
Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

---

Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «ULAGATTY USTAZ»
жарияланған ақпараттардың авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.
Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

---

Астана қаласы Қазақстан Республикасының
Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің
Ақпарат комитеті 2023 жылғы 12 ақпандағы
Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік
Басылымды есепке қоюы туралы куәлігі № KZ51VPY00117354 берілген.

---

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.
Журнал «Ulaǵatty Ustaz» ЖШС баспаханасында басылды.
Алматы қаласы – 2025 жыл Телефон: 8 777 087 6843

# STEM ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

**ТУНГЫШБАЕВ АХАН АЛТЫНБЕКОВИЧ**
**Түркістан облысы Шардара ауданы**
**№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің директоры**

Қазіргі қоғамда білім беру жүйесінің басты мақсаты – жан-жақты дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, заманауи технологияларды меңгерген, сыни және зерттеушілік тұрғыдан ойлай білетін тұлға қалыптастыру. Бұл мақсатқа жету үшін мұғалімдердің алдына жаңа талаптар қойылуда. Бүгінгі таңда оқушы тек дайын ақпаратты қабылдаушы емес, сол білімді өңдеп, талдап, өмірде қолдана алатын **шығармашыл зерттеуші тұлға** болуы тиіс.

Білім беру саласында соңғы жылдары ерекше маңызға ие болған бағыттардың бірі – **STEM технологиясы**. STEM (Science – ғылым, Technology – технология, Engineering – инженерия, Mathematics – математика) төрт бағытты біріктіретін интеграциялық оқыту жүйесі болып табылады. Бұл тәсіл білім алушыларды нақты өмірлік жағдайлармен байланыстырып, зерттеу жүргізуге, тәжірибе жасауға және өз идеяларын практикада жүзеге асыруға үйретеді.

STEM тәсілінің өзектілігі – оқушыларды болашақ еңбек нарығына дайындауында. Қазіргі заман мамандары тек бір саланы білумен шектелмей, бірнеше бағытты қатар меңгеруі керек. Міне, осы талапты жүзеге асыру үшін STEM технологиясын енгізу – заман талабы.

STEM – білім берудегі инновациялық бағыт. Оның басты ерекшелігі – ғылым мен техниканы, инженерлік ойлауды және математикалық дәлдікті біріктіріп, практикалық нәтижеге бағыттауында. Бұл тәсіл оқушыларды пәндер арасындағы байланысты түсінуге, өмірде кездесетін мәселелерді шешуге үйретеді.

Мысалы, дәстүрлі сабақта оқушы тек формуланы жаттап, есеп шығарады, ал STEM тәсілінде ол сол формуланы нақты өмірлік жағдайға қолданып көреді. Физикада энергия көздерін зерттеу, биологияда өсімдіктердің өсуін бақылау, информатикада роботты бағдарлау – осылардың барлығы STEM элементтері болып саналады.

STEM оқытудың басты қағидаларының бірі – **интеграция**. Яғни оқушының алған білімі жеке-жеке емес, тұтас бір жүйе ретінде қолданылады. Бұл оның логикалық ойлауын, анализ жасау және синтездеу қабілетін арттырады. Сонымен қатар STEM оқытуда топтық жұмыс, жобалау және тәжірибелік зерттеу басты орында тұрады.

STEM технологиясының басты мақсаты – оқушылардың зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамытып, олардың білімін өмірмен байланыстыра білуіне жағдай жасау.

**Міндеттері:**

- оқушылардың ғылыми көзқарасын қалыптастыру;
- зерттеу және жобалау дағдыларын жетілдіру;
- логикалық, инженерлік және аналитикалық ойлауды дамыту;
- пәндер арасындағы байланысты түсіндіру;
- топтық жұмыс пен көшбасшылық қабілеттерін арттыру;
- ғылыми-техникалық бағыттағы кәсіби бағдар беру.

STEM тәсілін қолдану нәтижесінде оқушылар тек теорияны меңгеріп қана қоймай, **өз бетінше шешім қабылдауға, болжам жасауға және дәлелдеуге** үйренеді.

Зерттеушілік қабілет – бұл адамның қоршаған әлемге қызығушылығы, сұрақ қойып, оған жауап іздеу бейімділігі. Мектеп қабырғасынан бастап балалардың бойында зерттеушілік дағдыны қалыптастыру өте маңызды.

Зерттеушілік қабілетті дамыту – күрделі, бірақ қызықты процесс. Бұл жұмыс келесі бағыттар арқылы жүзеге асады:

- оқушыны **мәселені анықтауға** үйрету;
- **зерттеу сұрағын қоюға** дағдыландыру;
- **болжам жасау** қабілетін қалыптастыру;
- **тәжірибе және бақылау** жұмыстарын жүргізуге үйрету;
- **нәтижені талдау, қорытынды жасау** дағдыларын жетілдіру.

Мысалы, оқушыларға «Топырақтың ылғалдылығы өсімдік өсуіне қалай әсер етеді?» деген сұрақ беріледі. Олар болжам жасайды, тәжірибе жүргізеді, бақылау нәтижесін жазып, қорытынды шығарады. Бұл қарапайым әрекет олардың зерттеушілік қабілетін дамытып, ғылыми ойлау жүйесін қалыптастырады.

STEM технологиясын тиімді қолдану үшін мұғалім оқу процесін дұрыс ұйымдастыруы тиіс. Ол келесі кезеңдерден тұрады:

1. **Мәселені анықтау** – оқушылар нақты өмірден алынған мәселені немесе зерттеу тақырыбын таңдайды.
2. **Жоспарлау** – зерттеу мақсаты мен әдістерін, қажетті материалдарды анықтайды.
3. **Тәжірибе жүргізу** – бақылау, эксперимент, есептеу және практикалық әрекеттер орындалады.
4. **Нәтижені талдау** – мәліметтер өңделіп, қорытынды жасалады.
5. **Қорғау және талқылау** – оқушылар өз жұмыстарының нәтижесін постер, макет немесе презентация арқылы ұсынады.

Бұл кезеңдердің барлығы оқушылардың белсенді қатысуымен өтеді, яғни білімді өз қолымен іздеп табады.

STEM технологиясын тиімді енгізу үшін мұғалім дәстүрлі оқытушыдан кеңесші мен бағыттаушы рөліне ауысады. Ол оқушының ойлау қабілетін дамытуға, зерттеу жүргізуге қолайлы жағдай жасайды. Мұғалім оқушыларға дайын жауап бермей, **оларды ізденуге, сұрақ қоюға және дәлелдеуге** ынталандырады.

Мұғалімнің кәсіби шеберлігі оның оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға, мотивациясын арттыруға және зерттеу жұмыстарына қызықтыра білуінде көрінеді. Сонымен қатар, ол сабақта ақпараттық технологияларды, заманауи құралдарды тиімді қолдана білуі қажет.

STEM тәсілінің оқыту жүйесіне енгізілуі көптеген оң нәтижелер береді:

- Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады;
- Теориялық білім өмірлік тәжірибемен ұштасады;
- Зерттеу және жобалау дағдылары қалыптасады;
- Командалық жұмыс пен қарым-қатынас мәдениеті дамиды;
- Логикалық және сын тұрғысынан ойлау қабілеттері жетіледі;
- Оқушылардың өз бетімен шешім қабылдау қабілеті артады.

STEM білім беру моделі қазіргі еңбек нарығының сұранысына толық сәйкес келеді. Болашақта инженер, ғалым, дәрігер немесе IT маманы болғысы келетін жастар үшін бұл бағыт – алғашқы қадам.

STEM технологиясы барлық пәнде қолдануға болады.
Мысалы:

- **Биология пәнінде:** «Судың тазалық деңгейін анықтау», «Өсімдікке жарықтың әсерін зерттеу» сияқты тәжірибелер;
- **Физика пәнінде:** «Күн энергиясын пайдалану», «Жылу өткізгіш материалдарды салыстыру» тақырыптары;
- **Химия пәнінде:** «Қышқылдар мен негіздердің әрекеттесуі», «Тұрмыстық тазалау заттарының құрамын зерттеу»;
- **Информатика пәнінде:** робот техникасын немесе 3D модельдеу элементтерін қолдану.

Осындай жобалар оқушыларды өздігінен ізденуге, топпен жұмыс жасауға, ғылыми әдісті қолдануға үйретеді.

Қорыта айтқанда, STEM технологиясы – заманауи білім берудің жаңа кезеңін айқындайтын инновациялық бағыт. Бұл технологияны оқу процесіне енгізу арқылы біз оқушылардың **зерттеушілік қабілетін дамытумен қатар, олардың өмірлік құзыреттілігін, практикалық ойлауын және шығармашылық әлеуетін арттырамыз**.

STEM тәсілі оқушыны тек білім алушы ретінде емес, қоғамдағы өз орнын табуға қабілетті, жаңа идеялар ұсынатын тұлға ретінде қалыптастырады.
Болашақтың табысты азаматы болу үшін оқушы ғылыми ойлауға, тәжірибе жүргізуге және өз пікірін дәлелдеуге үйренуі тиіс. Осы тұрғыда STEM технологиясы – ең тиімді құрал.

Мұғалім үшін STEM тек әдіс емес, ол – оқыту философиясы. Әр педагог өзінің тәжірибесінде STEM қағидаларын қолдана отырып, оқушылардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастыра алады. Сондықтан STEM тәсілін жүйелі түрде енгізу – білім сапасын арттырудың, ал онымен бірге елдің зияткерлік әлеуетін көтерудің маңызды кепілі болып табылады.

*****

# ҚАУІПТІ ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ

**МОЛДАБАЕВА ЗӘУРЕ НЫСАНБАЙҚЫЗЫ**
**бастауыш сынып мұғалімі**
**Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы**
**№21жалпы білім беретін мектебі**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Білім беру ұйымының атауы | №21 ЖББМ | | |
| Пәні: | Жаратылыстану Алматы мектеп | | |
| Бөлім: | Қоршаған орта | | |
| Педагогтің аты-жөні: | Молдабаева Зәуре | | |
| Күні: | 24.04.2025ж | | |
| Сынып: 2 сынып | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | **№30 сабақ. Қауіпті табиғат құбылыстары** | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты: | 2.2.2.1 ауа райның адам өмірі мен шаруашылық іс-әкеретіне оң және әсерін талдау. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың мақсаты | өз өңіріндегі табиғи жағдайлардың (жер бедері, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандарын оң және кері тұстарын талдайды,<br>табиғат құбылыстары адам өміріне қауіпті болатынын біледі,<br>қауіпті табиғат құбылыстарынан сақтанудың жолдарын біледі | | | |
| **Құндылықтар:<br>Сәуір айы: ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК** | Сабақ құндылығы: ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК<br>Апта дәйексөзі: «Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер» | | | |
| Сабақтың барысы | | | | |
| Сабақтың кезеңдері | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Сабақтың басы<br><br>10 мин | **Ұйымдастыру кезеңі**<br>Психологиялық ахуал қалыптастыру «Амандасып алайық» әдісі. Оқушыларға амандасу түрлері бейнеленген кубикті ұсынады.<br>**Топқа бірігу**<br>«Пазл» әдісі<br>1-топ «Найзағай»<br>2-топ «Су тасқыны»<br>3-топ «Құрғақшылық»<br>**Үй тапсырмасы**<br>«Миға шабуыл» әдісі. «WordWall» платформасы.<br>https://wordwall.net/ru/resource/38813870 | Оқушылар шаттық шеңберіне құрады, суретте көрсетілгендей бір-бірімен амандасады.<br><br>Оқушылар пазл бөлшегін таңдап, өзге оқушылармен суретті құрастырып топқа бірігеді. Оқушылар сұрақтарға жауп береді. | Бағалау «Білім энергиясы» Дескриптор :Сұрақтарға жылдам әрі дұрыс жауап береді – 1 энергия | Кубик<br> |
| Сабақтың ортасы<br>10мин | Жаңа сабақ<br>**Құндылық мақсаты: Еңбекке, еңбек адамдарына деген құрмет көрсету**<br>**https://youtube.com/watch?v=6afFfCIATMk&feature=shared**<br>**1-тапсырма**<br>Табиғатта қандай қауіпті жағдайлардың болатынын еске түсір. Үлкендерден қандай қауіпті табиғат жағдайларын естідіңдер?<br><br>Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар –дүлей зілзала (жер сілкінісі, сел, көшкін,су тасқыны, | Оқушылар жаңа тақырып бойынша видео жазба көреді.<br><br>Оқушылар сұраққа жауап | Бағалау «Білім энергиясы» Дескриптор : Оқушылар өз ойын ашық айтады -1 энергия | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | және басқалар),табиғи өрт, індеттер мен малдың жұқпалы аурулары жатады. | береді | |  |
| 5 мин | **2-тапсырма «Жұптық жұмыс»**<br><br>Суретке қараңдар. Адамға қауіпті және қауіпсіз табиғат құбылыстарын дәптерге бөліп жазыңдар.<br> | Оқушылар табиғат құбылыстарын екі топқа бөліп жазады. | Бағалау «Білім энергиясы» Дескриптор :Қауіпті табиғат құбылысын жазады– 1 энергия Қауіпсіз табиғат құбылысын жазады - 1 энергия |  |
| 3 мин | **Сергіту сәті «Австралиялық жаңбыр»**<br>Австралияда жел басталды. (Жүргізуші алақандарын ысқылайды).<br>Жанбыр тамшылай бастады. (Саусақтармен дыбыс шығару).<br>Жаңбыр күшейе бастады. (Кезекпен кеуде тұсын шапалақтау).<br>Нағыз жаңбыр басталды. (Бөксені шапалақтау).<br>Міне, нағыз дауыл, найзағай. (Аяқпен тарсылдату).<br>Жаңбыр басылды. (Кезекпен кеуде тұсын шапалақтау).<br>Майда жаңбыр тамшылары жерге түсе бастады. (Саусақтармен дыбыс шығару).<br>Желдің нәзік сыбдыры. (Алақандарды ысқылау).<br>Күн! (Қолдарды жоғары көтеру). | Оқушылар мұғалімді мұқият тыңдап, іс-әрекеттерін қайталайды | | |
| 4 мин | **3-тапсырма Топтық жұмыс**<br>Жыл мезгілдерінде қандай табиғаттың қауіпті құбылыстары болады? Постер қорғау.<br>Мысалы: Жаз мезгілінде:<br>-Найзағай (жарық пен күркіреген дауыл)<br>-Дауыл мен құйын<br>-Орман және дала өрттері<br>-Сел және тасқын<br>-Ыстық толқын (аптап ыстық)<br><br>1-топ «Қыс мезгіліндегі қауіпті құбылыстар»<br>2-топ «Көктем мезгіліндегі қауіпті құбылыстар»<br>3-топ «Күз мезгіліндегі қауіпті құбылыстар» | Табиғат құбылыстары туралы сұраққа жауап береді | Бағалау «Білім энергиясы» Дескриптор :Қауіпті табиғат құбылысын жазады– 1 энергия Постерді қорғайды- 1 энергия |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 мин | **Жеке жұмыс**<br>Дәптермен жұмыс<br>Қыста, көктемде, жазда және күзде табиғатта қандай қауіпті құбылыстар болады?<br>1.(қаңтар-ақпан айларындағы әдеттегі құбылыс): боран<br>2.(маусым-шілде айларындағы жиі болатын қауіпті құбылыс): найзағай<br>3.(наурыз–мамыр айларындағы қар еру кезіндегі құбылыс): су тасқыны<br>4.(қазан–қараша айларындағы көл бетіндегі мұздың жыртылуы): мұз жарылуы<br>**«Ия/Жоқ» әдісі**<br>Табиғат аясына шығарда ауа райы болжамын білу қажет<br>Су тасқыны қатты нөсер жауыннан, қардың еруінен туындайды<br>Найзағай жарқылдағанда жай түсу қауіпті<br>Боран-жел мен қардың ұйытқуы | Оқушылар мұғалім оқуған сұрақтарға қолындағы көтермелерме н жауап береді. | Бағалау Мадақ сөздер! | Дәптер |
| Сабақтың соңы<br>10 мин | **Үйге тапсырма**<br>Өзің байқаған ерекше табиғат құбылысын интернет желісінен,газет –журналдардан қарап аныкта. Осы тақырыпта шағын әңгіме жаз.<br>**Рефлексия «Менің көңіл күйім әдісі»**<br>Classroomscreen платформасы<br>**Бағалау**<br>Сабаққа белсене қатысып, көп энергия жинаған оқушылар бағаланады. | Үй тапсырмасын алады<br>Сабақ барысындағы өз көңіл күйін белгілейді<br>Оқушылар өз энергияларын санап, бағаланады | | |

*****

## БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

**ИМАНГАЛИЕВА АЙГУЛ ЛУКПАНОВНА**
**Атырау облысы Атырау қаласы**
**№8 "Ақбота " санаторлық бөбекжай бақшасы**
**әдіскер**

Қазіргі қоғамда адамнан тек дайын білімді игеру емес, оны өмірде шығармашылықпен қолдана білу талап етіледі. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру жүйесінің басты мақсаты – еркін ойлай алатын, қиялы кең, өз ойын еркін жеткізе алатын шығармашыл тұлға қалыптастыру. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту – бұл ұзақ әрі жүйелі жұмыс, ол ерте жастан басталуы тиіс. Өйткені мектепке дейінгі шақ – баланың ой-өрісі, елестетуі мен қиялы, сөйлеу тілі мен эмоциялық әлемі қарқынды дамитын кезең. Осы уақытта балаға дұрыс бағыт беріп, оның бойындағы шығармашылық ұшқынның сөнбеуіне мүмкіндік жасау – тәрбиеші мен әдіскердің ең басты міндеті.

Шығармашылық қабілет – адамның өз бетінше жаңа нәрсе ойлап табуға, ойлау мен іс-әрекет барысында ерекше шешім табуға мүмкіндік беретін қасиет. Балаларда бұл қабілет ойын, сурет салу, мүсіндеу, ән айту, би билеу, ертегі ойнау сияқты әрекеттерде көрініс табады. Мысалы, бала ойын барысында өзіне таныс емес жағдайды елестетіп, жаңа рөлге енеді немесе сурет салғанда өз ойындағы әлемді бейнелейді. Бұл әрекеттердің барлығы баланың ішкі жан дүниесін, ой-қиялын, сезімін білдіруге бағытталған табиғи шығармашылық көріністер болып табылады.

Мектепке дейінгі кезеңде шығармашылық қабілетті дамыту үшін ең алдымен балаға қолайлы жағдай жасау қажет. Баланың әрбір жетістігіне қуана білу, оның ойын қолдап, өздігінен шешім қабылдауына мүмкіндік беру өте маңызды. Педагог баланың еркін қиялдауына, өз ойын бейнелеуіне, қателесуден қорықпауына жағдай жасауы керек. Қателесу – үйренудің табиғи бөлігі екенін бала сезінгенде ғана шығармашылық еркіндік пайда болады.

Әдіскердің міндеті – тәрбиешілерді әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етіп, олардың шығармашылық бағыттағы жұмысына қолдау көрсету. Ол үшін әдіскер педагогтарға жаңашыл әдіс-тәсілдерді ұсынуы, озық тәжірибелермен таныстыруы, шығармашылық жобаларды жүзеге асыруға бағыт беруі керек. Педагогтар өз тәжірибесін үнемі жетілдіріп, жаңа идеяларды қолдануға дайын болғанда ғана балалардың шығармашылығы дамиды.

Баланың шығармашылық қабілетін арттырудың көптеген тиімді тәсілдері бар. Ең алдымен ойын арқылы дамыту әдісі ерекше орын алады. Ойын – баланың табиғи әрекеті. Ол ойнау арқылы үйренеді, байқайды, ойланады және қиялдайды. «Ертегіні жалғастыр», «Қиял әлеміне саяхат», «Суреттен оқиға ойлап тап» сияқты ойындар баланың елестету, ойлау және сөйлеу қабілеттерін жетілдіреді. Ойын кезінде бала өз ойын білдіруде еркіндік алады, ал бұл – шығармашылық дамудың алғашқы қадамы.

Сондай-ақ бейнелеу және көркем өнер әрекеттері де шығармашылықты дамытудың негізгі бағыттарының бірі. Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру барысында бала өз көзқарасын, ойындағы бейнені өзінше көрсетеді. Бұл сабақтарда дайын үлгі көрсетуден гөрі, балаға таңдау еркіндігін беру маңызды. Мысалы, белгілі бір тақырып бойынша әр бала өз қиялындағы бейнені салып, оны әңгімелеп берсе, оның ойлау және сөйлеу дағдылары қатар дамиды. Мұндай әрекеттер баланың өз-өзіне сенімділігін арттырады.

Музыкалық және ырғақтық іс-әрекеттер де шығармашылықты дамытады. Ән айту, би билеу, музыкалық аспаптарда ойнау, ырғаққа сәйкес қимылдар жасау арқылы бала өз эмоциясын білдіреді, музыка арқылы ішкі дүниесін ашады. Музыкалық сабақтарда бала тек орындаушы емес, кейде өз ойынан қимыл немесе әуен шығарып көруге де мүмкіндік алады. Бұл оның қиялын дамытып, шығармашылық қабілетін кеңейтеді.

Театрландырылған ойындар мен ертегі қойылымдары да балалардың шығармашылығын арттырудың маңызды тәсілі. Мұндай іс-әрекеттерде балалар белгілі бір кейіпкердің рөлін ойнай отырып, өз сезімін, ойын, дауыс ырғағын, қимылын еркін қолдануды үйренеді. Бұл олардың сөйлеу мәдениетін, қиялын, ой ұшқырлығын дамытады. Сонымен қатар ұжымдық түрде сахналық көрініс қою кезінде балалардың бір-бірімен ынтымақтаса әрекет ету дағдысы қалыптасады.

Зерттеу және тәжірибе жасау жұмыстары да шығармашылық дамудың маңызды бөлігі. Мысалы, табиғаттағы құбылыстарды бақылау, өсімдіктерді күтіп-баптау, қарапайым тәжірибелер жасау барысында бала өздігінен ой қорытып, сұрақ қойып, жауап іздей бастайды. Мұндай іс-әрекет арқылы баланың танымдық қызығушылығы мен зерттеушілік қабілеті дамиды. Бұл шығармашылық ойлаудың маңызды көрсеткіші болып табылады.

Балалардың шығармашылығын дамыту үшін балабақшада арнайы дамытушы орта ұйымдастырылуы керек. Арнайы шығармашылық бұрыштар, сурет және қолөнерге арналған құралдар, табиғи материалдар мен құрылыс бұйымдары балаға өздігінен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Осындай ортада бала өзін еркін сезінеді, ойындағысын жүзеге асыруға ұмтылады. Педагог баланың іс-әрекетін бағыттап, бірақ оның ойын шектемеуі қажет.

Балалардың шығармашылық қабілетін қолдау мен бағалау жүйесінде бастысы – нәтиже емес, процестің өзі. Бала жасаған дүниесі мінсіз болмаса да, оның еңбегін мойындап, ынталандыру қажет. «Керемет сурет салдың», «Өте қызықты ойлап таптың» сияқты жылы сөздер баланың өз күшіне сенімін арттырады. Әр баланың еңбегін топ алдында көрсету, шығармашылық көрмелер ұйымдастыру да мотивацияны күшейтеді.

Әдіскер мен педагогтар ата-аналармен де тығыз байланыста жұмыс істеуі тиіс. Үй жағдайында баланың шығармашылық қабілетін дамыту үшін ата-аналарға кеңестер беру, бірлескен шығармашылық іс-шаралар өткізу пайдалы. Мысалы, «Ата-анамен бірге сурет салу» немесе «Отбасылық театр» сияқты жұмыстар ата-ана мен баланың қарым-қатынасын нығайтып, бала үшін

шығармашылық орта қалыптастырады.

Шығармашылық қабілетті дамыту жүйелі түрде жүргізілгенде ғана нәтижелі болады. Ол үшін балабақшада жылдық жоспарға шығармашылық бағыттағы іс-шаралар, көрмелер, байқаулар енгізілуі тиіс. Педагогтардың өзара тәжірибе алмасуы, әдістемелік кеңестер, шеберлік сағаттары ұйымдастырылып тұрса, әдіскердің жұмысы тиімді болмақ.

Қорыта айтқанда, шығармашылық қабілет – баланың табиғи қасиеті, оны дамыту әр педагогтың басты міндеті. Егер балаға сенім артып, еркін ойлауға мүмкіндік берілсе, ол өз әлеуетін толық аша алады. Мектепке дейінгі ұйымдарда шығармашылық бағыттағы оқу-тәрбие процесін жүйелі ұйымдастыру, дамытушы орта құру және педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру – шығармашыл, ой-өрісі кең, еркін ойлайтын тұлғаны тәрбиелеудің басты кепілі. Шығармашылық қабілетті дамытқан бала өмірде өз жолын таба алады, өйткені шығармашылық – адамның ең асыл рухани байлығының көрінісі.

*****

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**ДИХАНОВА ЖАННА ОМАРҚЫЗЫ**
**Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы Қызылсай ауылы**
**Қызылсай балабақшасы тәрбиеші**

Қазіргі таңда қоғамның дамуы мектепке дейінгі білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр. Баланың тұлғалық дамуы — оның жеке қасиеттерін, мінез-құлқын, қызығушылығын, ойлау қабілетін, адамгершілік және әлеуметтік бағыттылығын қалыптастыру процесі. Бұл даму мектепке дейінгі кезеңнен бастау алады. Осы кезеңде бала қоршаған ортаны танып-біледі, өзін тұлға ретінде сезіне бастайды және алғашқы әлеуметтік тәжірибесін жинақтайды.

Мектепке дейінгі жастағы бала ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасау арқылы өзін және өз мүмкіндіктерін тани бастайды. Сондықтан педагогтың, ата-ананың және қоршаған ортаның ықпалы баланың жеке тұлғалық дамуына шешуші әсер етеді. Балабақшада баланың өзін-өзі бағалау, жауапкершілік, дербестік, өзіне сенімділік сияқты қасиеттерін қалыптастыруға жағдай жасалуы қажет. Бұл қасиеттер кейінгі оқу мен өмір жолында табысты болуға негіз қалайды.

Бала тұлғасының дамуы оның биологиялық ерекшеліктері мен әлеуметтік ортасына тікелей байланысты. Әр бала өзінше ерекше, сол себепті педагог олардың даму қарқынын, мінезін, темпераментін ескеруі керек. Кейбір балалар тез сөйлеп, белсенді болса, енді бірі баяу, ұяң, бірақ байқағыш және сезімтал келеді. Мұндай ерекшеліктерді түсіну және дұрыс бағыттау – тәрбиешінің кәсіби шеберлігін талап етеді.

Мектепке дейінгі жаста тұлғалық даму ең алдымен ойын арқылы жүзеге асады. Ойын – баланың табиғи әрекеті, оның әлемді танып-білу тәсілі. Ойын барысында бала өз ойы мен қиялын еркін білдіреді, түрлі рөлдерге еніп, мінез-құлық нормаларын меңгереді. Рөлдік ойындарда бала ересектердің іс-әрекетін қайталап қана қоймай, оны өзінше бейімдеп, шығармашылық тұрғыдан жаңартады. Мысалы, «Дүкен», «Дәрігер мен науқас», «Мектеп» сияқты ойындарда бала қоғамдағы өз орнын түсініп, адамгершілік қасиеттерін дамытады.

Тұлғалық дамудың маңызды бір бөлігі – эмоциялық әлемнің қалыптасуы. Мектепке дейінгі кезеңде бала қуану, ренжу, таңдану, қорқу сияқты сезімдерді айқын көрсетеді. Тәрбиеші балалардың эмоциясын түсініп, оларды дұрыс бағыттай білуі қажет. Баланың қуанышын бөлісіп, сәтсіздік кезінде қолдау көрсету арқылы сенім мен мейірімділік сезімін қалыптастыруға болады. Эмоциялық тұрақтылық балаға өз сезімін реттеуге, басқаның көңіл-күйін түсінуге мүмкіндік береді.

Сөйлеу қабілетінің дамуы да тұлғалық дамудың басты көрсеткіші болып саналады. Сөйлеу арқылы бала өз ойын, сезімін, тілегін жеткізеді. Сондықтан баланың тілін дамыту – тұлғалық дамуға әсер ететін негізгі факторлардың бірі. Тәрбиеші күнделікті қарым-қатынаста балаларды еркін сөйлеуге, өз

ойын дәлелдеп айтуға, әңгімелесуге тартуы қажет. Бұл баланың өзін еркін сезінуіне, логикалық ойлауына және сенімділігінің артуына жағдай жасайды.

Баланың тұлғалық қалыптасуында тәрбиелік орта ерекше рөл атқарады. Балабақшадағы жылы қарым-қатынас, қолайлы психологиялық ахуал, эстетикалық және танымдық ортаның болуы баланың өзін-өзі дамытуына ықпал етеді. Топ бөлмесінің безендірілуі, ойыншықтардың реттелуі, табиғат бұрышы, сурет көрмелері – мұның бәрі баланың дүниетанымын байытып, өзін жеке тұлға ретінде сезінуіне көмектеседі.

Мектепке дейінгі кезеңде адамгершілік тәрбиесінің негіздері қаланады. Бала жақсы мен жаманды ажыратуды, достықты, қамқорлықты, жауапкершілікті осы кезеңде үйренеді. Бұл құндылықтарды қалыптастыру үшін тәрбиеші өзінің үлгісімен әсер етуі тиіс. Балалар көбіне ересектердің іс-әрекетін қайталайды, сондықтан педагог әрқашан сыпайы, әділ, мейірімді болуы керек.

Тұлғалық даму үдерісінде шығармашылық пен дербестік маңызды орын алады. Балаға өз бетімен шешім қабылдауға, таңдау жасауға мүмкіндік беру оның ішкі еркіндігін дамытады. Мысалы, сурет салуда түстерді өз қалауымен таңдау, ойын барысында өз рөлін анықтау, топтық жұмыста өз пікірін айту сияқты әрекеттер баланың өзін тұлға ретінде сезінуіне ықпал етеді.

Бала тұлғасының дамуы үздіксіз процесс болғандықтан, педагог баланың әр жетістігін байқап, оны мадақтап, ынталандырып отыруы тиіс. Бұл өз кезегінде баланың сенімін арттырады, ішкі мотивациясын оятады. Әр баланың дамуындағы жетістіктер жеке қарастырылып, оның алға жылжуы жүйелі түрде қолдау табуы қажет.

Қорытындылай келе, мектепке дейінгі жастағы балалардың тұлғалық дамуы – олардың болашақ өмірінің негізі. Осы кезеңде алынған тәжірибе, дағдылар мен қасиеттер баланың өмір бойы жетілуіне ықпал етеді. Баланың жан-жақты дамуы үшін тәрбиеші мен ата-ананың бірлескен еңбегі, мейірімді қарым-қатынас, жеке ерекшеліктерін ескеру және шығармашылық еркіндікке жағдай жасау қажет. Балабақшадағы тәрбиенің басты мақсаты – әр баланың қайталанбас тұлға екенін түсініп, оны қоғамға пайдалы, өз ойын еркін жеткізе алатын, адамгершілігі жоғары азамат етіп қалыптастыру.

*****

## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫН ЖОСПАРЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**ДОСАЕВА САУЛЕ КАДЕНОВНА**
**Алматы қаласы Түрксіб ауданы N61 ЖББ мектебі**
**қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі**

Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістер кезеңін бастан өткеруде. Сол өзгерістердің бастысы – жаңартылған білім мазмұнына көшу. Жаңартылған білім беру мазмұнының мақсаты – оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, алған білімін өмірде қолдана білуге үйрету және тұлғалық дамуына жағдай жасау. Бұл талап барлық пән мұғалімдеріне, соның ішінде қазақ тілі пәні мұғаліміне де үлкен жауапкершілік жүктейді.

Қазақ тілі пәні – оқушылардың тілдік құзыреттілігін, коммуникативтік дағдыларын және ұлттық құндылықтарға сүйенген дүниетанымын қалыптастыратын жетекші пәндердің бірі. Сондықтан жаңартылған білім мазмұны бойынша қазақ тілі сабағын жоспарлау кезінде мұғалім тек грамматикалық білім берумен шектелмей, оқушыны өз ойын еркін жеткізуге, талдауға, салыстыруға, қорытынды жасауға дағдыландыруы қажет. Сабақ жоспарлау кезінде мұғалім оқу мақсаттарын, бағалау критерийлерін және дескрипторларды нақты анықтауы керек. Бұл оқушының қай бағытта жұмыс істейтінін, нені меңгеруі тиіс екенін айқындайды.

Жаңартылған бағдарламада оқу мақсаттары спиральді қағидаға негізделген. Яғни, тақырыптар әр сыныпта қайталанып, біртіндеп күрделене түседі. Бұл оқушылардың білімін жүйелі түрде тереңдетіп, бұрынғы білімге сүйене отырып жаңа ұғымды меңгеруге мүмкіндік береді. Сондықтан мұғалім сабақ жоспарын жасағанда әр сынып деңгейінің ерекшелігін және оқушылардың алдыңғы білімін ескеруі

қажет.

Жаңартылған бағдарлама бойынша сабақ үш кезеңнен тұрады: кіріспе, негізгі және қорытынды бөлім. Кіріспе бөлімінде мұғалім оқушылардың қызығушылығын оята отырып, сабақтың мақсатын айқындайды. Бұл кезеңде түрлі белсенді әдістер – «Миға шабуыл», «Көршіңмен бөліс», «Болжау», «Сұрақ–жауап» сияқты тәсілдер қолданылады. Негізгі бөлімде оқушылар оқу мақсаттарына сәйкес тапсырмаларды орындайды. Мұнда жеке, жұптық және топтық жұмыстар ұйымдастырылып, оқушылардың белсенді қатысуына жағдай жасалады. Қорытынды бөлімде мұғалім кері байланыс орнатып, оқу мақсатына жету деңгейін бағалайды.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша сабақ жоспарын құруда мұғалімнің басты назарында «белсенді оқыту әдістері» болуы тиіс. Белсенді оқытуда оқушы – білімнің пассивті алушысы емес, керісінше, оны іздену, талдау және өздігінен табу процесінің белсенді қатысушысы. Мұндай сабақтарда «Ойлан – жұптас – бөліс», «INSERT», «Венн диаграммасы», «Кластер құру», «Бес жолды өлең» сияқты әдістер жиі қолданылады. Бұл тәсілдер оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытып, тілдік дағдыларын арттырады.

Қазақ тілі сабағын жоспарлау барысында төрт тілдік дағдының — тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым — өзара байланысын сақтау маңызды. Әр сабақта осы дағдылардың барлығы белгілі бір деңгейде қамтылуы тиіс. Мысалы, оқушылар алдымен мәтінді тыңдайды, содан кейін оның мазмұнын талқылайды, кейін оқып, жазбаша немесе ауызша тапсырма орындайды. Мұндай жүйелілік оқушылардың тілдік қарым-қатынас қабілетін қалыптастырады.

Бағалау жүйесінің ерекшелігі де жаңартылған білім мазмұнының маңызды бөлігі болып табылады. Қазақ тілі сабағында қалыптастырушы және жиынтық бағалау түрлері қолданылады. Қалыптастырушы бағалау сабақ үстінде жүзеге асып, оқушының оқу барысындағы жетістігін бақылауға мүмкіндік береді. Ол дескрипторлар арқылы жүзеге асып, оқушы өз қателігін түсініп, келесі тапсырмада оны түзетуге мүмкіндік алады. Ал жиынтық бағалау белгілі бір бөлім немесе тоқсан соңында өткізіліп, оқушының білім деңгейін анықтайды.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша сабақ жоспарын құру кезінде мұғалім оқушылардың жас ерекшелігін, қызығушылығын және қабілетін ескеруі керек. Мысалы, бастауыш сыныптарда ойын элементтерін, көрнекі құралдарды көбірек пайдалану тиімді болса, жоғары сыныптарда зерттеу жұмыстары, пікірталас, эссе жазу, мәтінді салыстыру сияқты күрделірек әдістер қолданылады. Мұғалімнің шығармашылық ізденісі мен кәсіби шеберлігі – сапалы сабақтың басты шарты.

Қазақ тілі пәнін оқытуда ұлттық мазмұн мен құндылықтарға да ерекше көңіл бөлінеді. Әр сабақта халық ауыз әдебиеті үлгілерін, мақал-мәтелдерді, шешендік сөздерді, ұлы тұлғалардың мұраларын пайдалану арқылы оқушының тіл байлығы ғана емес, ұлттық сана-сезімі де қалыптасады. Сабақ мазмұны мен тапсырмалар оқушының өз ортасына, туған жеріне, ұлттық мәдениетке қызығушылығын оятуға бағытталуы тиіс.

Мұғалім сабақ жоспарын әзірлеу кезінде пәнаралық байланысты да ұмытпауы қажет. Қазақ тілі мен әдебиет сабағында тарих, география, музыка, бейнелеу өнері пәндерімен байланыс орнату арқылы оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге болады. Мысалы, тарихи мәтіндерді оқу арқылы оқушылар ел тарихына деген қызығушылығын арттырады, әдеби кейіпкерлердің өмірімен таныса отырып, адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіреді.

Қорыта айтқанда, жаңартылған білім мазмұны бойынша қазақ тілі сабағын жоспарлау – тек сабақ құрылымын жасау емес, ол оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған жүйелі процесс. Мұғалімнің кәсіби дайындығы, әдістемелік шеберлігі, оқушылармен қарым-қатынасы және сабақтағы жаңашылдығы оқыту сапасына тікелей әсер етеді. Әрбір жоспарланған сабақ оқушының тілдік дағдыларын дамытып қана қоймай, оның ойлау мәдениетін, өз ойын еркін жеткізе алу қабілетін қалыптастыруы тиіс.

Жаңартылған білім мазмұны – заман талабынан туындаған, болашаққа бағытталған жүйе. Сондықтан әрбір қазақ тілі мұғалімі өз сабағын осы жүйенің негізінде жоспарлап, оқушының тілін де, тұлғасын да дамытуды басты мақсат етуі керек.

**АХМОЛДАЕВА ЖАНАР МУХАНБЕТЖАНҚЫЗЫ**
**Жамбыл облысы Тараз қаласы**
**№1 "Өркен" арнайы мектеп- интернатының көркем еңбек пән мұғалімі**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | Арнайы мектеп-интернаты | | |
| **Пәні:** | ӘТБ | | |
| **Бөлім:** | **Тағам** | | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Акмаканова М.К | | |
| **Күні:** | | | |
| **Сынып: 6** | Қатысушылар саны: | Қатысушылар саны: | Қатысушылар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **3.2 Асхана және ас үй ыдыстары** | | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 6.3.2.2 таңдап алынған мәзір бойынша дастарқанды түскі асқа әзірлей білу | | |
| **Сабақтың мақсаты** | Тағам бөліміндегі алған білімдерін тереңдету мақсатында таңдап алынған мәзір бойынша дастарқанды түскі асқа көркемдеп жабдықтай біледі. | | |
| **Сабақтың барысы** | | | |

| **Сабақтың кезеңі//уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру<br>Өзін-өзі тексеру | А) Сәлемдесу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру;<br>**Психологиялық тренинг «Сиқырлы сандық»**<br>Сиқырлы сандық (онын ішінде айна болады). Тренингті бастамас бұрын ең бірінші, өз-өзімізді айқындап алайық. Қазір сендер мына сандықты бір-бірінің қолдарына бересіңдер. Осы сандықты алған адам оны ашып, ішіне қарайсыз. Оның ішінде жан-жақты, ғажайып және қайталанбайтын бейнені көресіңдер. Оған күліп карауларың керек.<br><br>Барлық қатысушылар сандыққа қараған соң, мұғалім сұрақтар қояды:<br>• Жан-жақты, ғажайып және қайталанбайтын бейне кім болып шықты?<br>• Сендер ол бейнеге күліп қарағанда, ол сендерге қалай қарады?<br>Осы тамаша көңіл күймен сабаққа енеміз.<br>Үйге берілген тапсырманы сұрау<br>Асханалық құрал-жабдықтарын қолдану | Оқушылар өз бейнелерін көріп таң ғажайып болып көңіл күйлері көтерінкі болады.<br><br>Оқушылар жұптаса отырып тапсырманы орындайды.<br>Оқушылар бір бірін тексереді жұмысты бағалайды | Оқушыларды мадақтау<br><br>Оқушылар бір-бірін смайлик арқылы | Сандықша, айна |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Өткен білімді еске түсіру<br><br><br>Жаңа білім | ережесі тақырыбы бойынша тапсырма беріледі<br>1. «Сәйкестендіру »<br>жұптық жұмыс<br>2 «Кім жылдам» ойын<br>жеке жұмыс<br>Суреттер арқылы түскі асқа ыдыстарды жинақтау<br> Миға шабул сұрақтары арқылы жаңа сабаққа ену.<br>Топтық жұмыс<br>Сұрақтарға байланысты жауаптарды таңдап тұс- тұсына желімдейміз<br>Бүгінгі жаңа сабақтың тақырыбы **Асхана және ас үй ыдыстары**<br>Оқу мақсаты<br>7.3.2.2 таңдап алынған мәзір бойынша дастарқанды түскі асқа әзірлей білу.<br>Ас мәзірін оқу талдау.<br><br>***Түскі асқа арналған дастарханның жабдықталу реті.***<br>1) Дастарханды тегістеп жаямыз<br><br>2) Алдымен кісі отыратын орындыққа қарсы бетке көлемді тәрелке қойылады.<br><br>3) Тәрелке үстел шетінен 2 см асып барып орналасуы керек.<br><br>4) Сол жақта үстелден 5-10 см асып бөлішке арналған тәрелке тұрады<br><br>5) Тәрелкенің сол жағына шанышқы, оң жағына пышақ қойылып, сорпа ішетін ас қасық,үстіңгі бөлігіне десерттік қасық қойылады.<br>6)Оң жақ бұрышқа сусынға арналған стакан немесе шайға,кофеге арналған шыны ыдыс қойылады.<br><br>7) Ал оралған майлық ортадағы тәрелкенің үстіне орналасады | Суреттер арқылы түскі асқа ыдыстарды жинақтайды<br><br>Түскі ас ережелері құрастыру : Мұғалім оқушыларға сұрақтар қояды оқушылар жауап бере отырып құрастырады.<br><br>Оқушылар жауап беріп отырады | бағалайды.<br>Мадақтау сөздері<br><br>Мұғалімнің мадақтау сөздері | Тапсырма кестесі<br><br>смайлик<br><br>Сурет қимасы<br><br>кесте<br><br>Мәзір парағы<br><br>Кесте |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Дәптермен жұмыс<br><br>Сергіту сәті<br><br>Сарамандық жұмыс<br><br>Бекіту<br><br>Кері байланыс<br><br>Бағалау | **8)Гүлдерден жасалған композиция Сіздің үстеліңізге сұлулық пен стильді береді**<br>Асты ішіп болған соң ыдыстарды қою әдебі<br><br>Асханалық аспаптар этикеті<br> Түртіп алу стратегиясы<br>Мақал мәтелді дәптерге жазу<br>1)Ас адамның арқауы<br>2)Ас тұрған үйде ауру тұрмайды.<br><br>Миға жаттығу<br>Оң қол,сол қолға қалам ұстап бір мезетте шаршы мен шеңбердің суретін саламыз.Бұл мидың дамуынына әсер етеді,<br><br>Ыдыстарды реттілікпен қояды<br><br>***Бекіту сұрақтарын қою.***<br>***Түскі асқа арналған дастарханның жабдықталу реті.***<br>1) Нені тегістеп жаямыз?<br><br>2) Алдымен кісі отыратын орындыққа қарсы бетке қандай тәрелке қойылады?<br><br>3) Тәрелке үстел шетінен неше см асып барып орналасуы керек?<br><br>4) Сол жақта үстелден 5-10 см асып неге арналған тәрелке тұрады?<br><br>5) Тәрелкенің сол жағына қандай асханалық аспап қойылады?<br>.<br>6)Оң жақ бұрышқа сусынға арналған қандай ыдыс қойылады?<br>7) Ал оралған майлық ортадағы тәрелкенің қай шетіне қоямыз?<br><br> Оқушыларға мадақтау хатын беру және бағалау. | Дәптерге мақалдарды жазады<br><br>Оқушылар сергіп қалады<br><br>Түскі асқа мәзір бойынша ыдыстарды орналастырады.<br><br>Оқушылар түсінгені бойынша жауап береді<br><br>Сабаққа кері байланыс береді<br><br>Мадақтау қағазымен мадақталады | | |

**АЙТЕТЕЕВА ГУЛЬНУР ПАРИМБЕКОВНА**
**Жамбыл облысы Тараз қаласы**
**№1 "Өркен" арнайы мектеп- интернатының әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау пән мұғалімі**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | №1 «Өркен» арнайы мектеп-интернаты | | ӘТБ |
| **Пәні:** | ӘТБ | | 3.Тамақтану |
| **Бөлім:** | 3.Тамақтану | | Айтетеева Г.П. |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Айтетеева Г.П. | | 13.03.2025 |
| **Күні:** | 13.03.2025 | | Қатысушылар саны: |
| **Сынып: 10 «Ә»** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | 3.3 Наурыз көже | | |
| **Сабақтың түрі:** | Алған білім мен дағдыларды бекіту сабағы | | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 9.3.3.1 Ұлттық тағамдар дайындау (наурыз көже) | | |
| **Сабақтың мақсаты** | Барлық оқушы біледі: наурыз мейрамының ерекшелігін біледі.<br>Оқушылардың көпшілігі: наурыз көженің құрамын біледі<br>Кейбір оқушылар: наурыз көженің маңызын біледі және дайындай алады. | | |
| **Сабақтың барысы** | | | |

| **Сабақтың кезеңі//уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Ұйымдастыру кезеңі:<br>Оқушылармен сәлемдесу.<br>(Мұғалімнің қолындағы суреттерді көрсете отырып,оқушыларымен бірге амандасу кезеңін ұйымдастырады)<br>Жүрегімнен,сіздерге<br>Күндей шуақ шашамын.<br>Білімге құлақ тосамын,<br>Шыңдардан биік асамын.<br>Мұғалім оқушыларға жеке төлқұжатын таратады.<br>Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.<br>Психологиялық көңіл-күйі,қолайлы атмосфера құру. | Мұғаліммен амандасады.<br><br>Жағымды көңіл күйге енеді.<br><br>Сабақ барысына дайындалады.<br>Төлқұжатпен танысады<br><br>Мұғаліммен бірге | Оқушыларды мадақтау.<br>Жарайсыңдар! | Амандасу өлеңі.<br><br>Жасанды интеллект<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Дидактикалық материалдың көмегімен жыл мезгілін, ай,аптаның күнін анықтау.<br>-Балалар, терезеге карандаршы,далада жылдың қай мезгілі? (аптаның күні,ай және жыл мезгілін анықтау)<br>-Балалар,қандай жыл мезгілін құрастырдық?<br>-Дұрыс, көктем мезгілі.<br>Көктем мезгілінде қандай мерекелер бар?<br>Бөлімнің тақырыбын хабарлайды.<br>-Балалар, біз жақында үлкен бөлімді бастадық, ол «Тағам» бөлімі.<br>**Білімді өзектендіру.**<br>**Ой қозғау**<br>-Өткен сабақта не білгенімізді еске түсірейік.<br>-Балалар, алдымыздағы «Жайлау» үстел үсті ойынын ойнаймыз.<br>Ойын шарты: партаға ойын қойылады,оқушылар кезек- кезек кубикті лақтырып, қандай түсті асық түссе, сондай түсті ұяшықты ашуы керек.<br>**Деңгейлік жеке тапсырмалар** | жыл мезгілін,ай атауын, апта күнін анықтайды.<br>Көктем мезгілін суреттейді,наурыз мерекесін атайды.<br><br>Оқушылар тағам түрлерін атайды.<br><br>Ұяшықтағы жеке тапсырманы орындайды,сұрақ тарға жауап береді | Жарайсы ндар!<br><br>Тамаша<br><br>Жақсы. | Дидактик алық материал<br><br>«Жыл мезгілдер і»<br><br>Дидактик алық материал<br><br>«Жайлау да»<br><br> |

| 2-3 деңгей | 4-деңгей |
|---|---|
| Мақал жұмбақ | Сынарын тап |
| Тест сұрақ | Пазл құрастырады |
| Сәйкесін тап | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың негізгі бөлімі | **беріледі.**<br><br>-Балалар,біз қандай ойын ойнау арқылы тапсырманы орындадық. (Жайлауда)<br>Наурыз мерекесі несімен сәнді?<br>Наурыз мерекесінде қандай тағамдар әзірлейміз?<br>-Дұрыс, бүгін біз сабағымызда ұлыстың ұлы күні дайындалатын Наурыз көженің жасалу жолын үйренеміз.<br>Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: Наурыз көже.<br>Наурыз- жыл басы ұлыстын ұлы күні.Наурызда күн мен түн | Оқушылар жауабы « Наурыз көже»<br><br>Сабақ мазмұнын тыңдайды және есте сақтайды.<br><br>Бейнетаспада көргенін әңгімелейді. | Өте жақсы! | Бейнетас па «Наурыз көже» |

<table>
<tr>
<td>Сергіту сәті<br><br>**Бекіту**<br><br>**Кері байланыс**<br><br>Бағалау</td>
<td>теңеледі.Наурызда күн жылына бастайды және күн ұзарып,алып түн болса қысқарады.<br><br>Наурызда ең басты тағам Наурыз көже болып саналады.<br>Наурыз көже –ұлттық тағам.Келер жылғы молшылықтың жоралғысы ретінде наурыз тойында әрбір шаңырақта міндетті түрде әзірленген. Халықтық дәстүр бойынша оған бидай,жүгері,сүр ет, бұршақ, айран,су,тұз сияқты кем дегенде жеті түрлі азықтық заттар міндетті түрде қосылуы тиіс. Көжені «Ырысың ортаймасын» деп толтырып құйып береді, содан оны тауысып ішеді.<br><br>Бейнетаспа «Наурыз көже» туралы аңыз.<br>**Тақтамен жұмыс.**<br>
<table>
<tr><td colspan="2">Нұсқаулық карта</td></tr>
<tr><td>Пайдаланатын азық-түлік</td><td></td></tr>
<tr><td>1.Ет</td><td>1.Етті жуып,сорпа қайнату,көбігін алу<br>2.Піскен етті сүзіп,турау.</td></tr>
<tr><td>2.Дәнді дақылдар</td><td>1.Тазалау<br>2.Жуу<br>3.Бұқтыру</td></tr>
<tr><td>3.Ұн</td><td>1.Қамыр илеу<br>2.Жаю<br>3.Кеспе кесу</td></tr>
<tr><td>4.Айран</td><td>1.Айранның іртігін</td></tr>
</table>
**Топтық жұмыс** «Наурыз көже құрамын табу» тапсырманы орындау.<br>Оқушылар осы суреттер арқылы наурыз көженің құрамын табады.<br>**«Секірмек» ойыны**<br>**Сарамандық жұмыс**<br>Жеке бас гигиенасы мен санитарлық талаптарды орындау.<br>1.Жұмыс орнын ұйымдастыру және қауіпсіздік техникасын қадағалау.<br>2.Оқушының өндірістік оқу жұмыстарын өз бетінше орындауы.<br>3.Оқушылардың жұмысына қадағалау жүргізу.</td>
<td>Оқушылар тақтаға назар аударады.<br><br>Наурыз көжеге қосылатын азық-түліктер суретін тауып орналастырады<br><br>Секірмек ойыны арқылы оқушыларды сергіту<br><br>Қолдарын жуып,жұмыс орындарына орналасады. Техника қауіпсіздігін қайталайды. Оқушылар мұғалімнің көмегімен наурыз көже пісіреді. Оқушы дастарханға бата береді. Оқушылар бүгінгі сабақта алған әсерін, ойын стикерге жазып ғажайып кітапқа іледі.<br><br>Сабаққа кері байланыс береді.<br><br>Оқушылар өзін-өзі бағалау жүргізді</td>
